


«БЕКІТІЛДІ»:

Басқармасының шешімі «QAZAQ AIR» АҚ
(2022 жылғы 13 қазан №19/22 хаттама)



**«QAZAQ AIR» АҚ-НЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ПЕРСОНАЛЫН
АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана, 2022 ж.



1. Жалпы ережелер

1.1 Осы «QAZAQ AIR» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) авиациялық персоналын аттестаттау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339 - IV заңына, Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 307 бұйрығы), Авиациялық персоналды кәсіптік даярлау қағидаларына (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 159 бұйрығы), Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларына (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығы), Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласындағы нормативтік - құқықтық актілеріне, Қоғамның жарғысына және оның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереже Қоғамның авиациялық персоналын аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – АҚ) мақсатын, негізгі міндеттері мен функцияларын, оның құқықтары мен міндеттерін, аттестаттауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын, сондай-ақ аттестаттау қорытындыларын іске асыру аясында Қоғамның авиациялық персоналының жауапкершілігін айқындайды.

1.3 Аттестаттау Қоғамда жұмыс істейтін қызметкерлерге, сондай-ақ авиациялық персоналға жататын төмендегі лауазымдарға лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетілгендерге қатысты жүргізіледі:

- 1) Ұшуды ұйымдастыру жөніндегі директор;
- 2) Персоналды даярлау қызметінің басшысы;
- 3) Бас ұшқыш;
- 4) Бас нұсқаушы;
- 5) Техникалық ұшқыш;
- 6) Қауіпсіздік ұшқышы;
- 7) Әуе кемесінің командирі;
- 8) Екінші ұшқыш;
- 9) Желілік нұсқаушы ұшқыш (LTC);
- 10) ӘК типі бойынша нұсқаушы (TRI);
- 11) Жердегі нұсқаушы
- 12) Кешенді тренажердегі нұсқаушы (SFI);
- 13) ӘК типі бойынша емтихан алушы (TRE);
- 14) Кешенді тренажердегі емтихан алушы (SFE);
- 15) Бортсеріктер бөлімінің бастығы;
- 16) Бортсеріктерді оқыту жөніндегі менеджер;
- 17) Бортсерік-супервайзер;



- 18) Бортсерік;
- 19) Желілік нұсқаушы-емтихан алушы (бортсерік);
- 20) Авариялық-құтқару жабдықтары мен рәсімдері жөніндегі нұсқаушы;
- 21) «QAZAQ AIR» АҚ Авиациялық оқу орталығының қызметкерлері;
- 22) Техникалық директор;
- 23) Жедел техникалық қызмет көрсету жөніндегі менеджер;
- 24) Инженер В1;
- 25) Инженер В2;
- 26) А санатындағы механик;
- 27) Механик.

1.4 Осы Ереженің 1.3-тармағында көрсетілген Қоғамның авиациялық персоналын (бұдан әрі-Қызметкер және/немесе Қызметкерлер) аттестаттау мынадай мақсаттарда жүргізіледі:


- Қызметкерлердің кәсіби теориялық білімін, сондай-ақ практикалық дағдылары мен машықтарын бағалау негізінде олардың атқаратын (және/немесе талаптанатын) лауазымдарына сәйкестігін растау;
- персоналдың жақын даму әлеуетін және саласын айқындау, қызметкерлерді оқыту мен дамытудың жеке және/немесе топтық жоспарларын, өзін-өзі дамыту жөніндегі ұсынымдарды жасау;
- ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету.

1.5 Әрбір Қызметкерді жоспарлы аттестаттау оның кәсіби теориялық білімінің, сондай-ақ практикалық дағдылары мен машықтарының деңгейін растау мақсатында 3 (үш) жылда кемінде бір рет өткізіледі.

1.6 Өндірістік қажеттілікте немесе Қоғам жұмысына тікелей қатысы бар жаңа заңнамалық актілер қабылданғанда авиациялық персоналдың барлық Қызметкерлерін жоспардан тыс аттестаттау ұйымдастырылуы мүмкін.

1.7 Қоғам мынадай жағдайларда жеке құрылымдық бөлімше немесе жеке Қызметкер үшін жоспардан тыс аттестаттауды ұйымдастыра алады:

- 1) Қызметкерді авиациялық персоналға қатысты басқа лауазымға немесе жұмысқа тағайындау немесе ауыстыру (функционалдық міндеттерін өзгерту);
- 2) Қызметкердің ұшу қауіпсіздігі қағидаларын бұзуы нәтижесінде авиациялық жағдай, инцидент немесе оқиға туындағанда;
- 3) Қызметкердің кәсіби теориялық білімін міндетті тексеруден өтпеуі кезінде;
- 4) Қызметкерді кешенді тренажерде (Recurrent simulator training, LPC, OPC) даярлауды немесе тексеруді қанағаттанарлықсыз деп бағалаған кезде (ұшу құрамы үшін);
- 5) Қызметкерді әуе кемесінде (Line Check) желілік тексеруді қанағаттанарлықсыз деп бағалау кезінде (ұшу құрамы үшін);
- 6) Қызметкердің әуе кемесінде (Line Training Under Supervision) желілік дайындығын қанағаттанарлықсыз деп бағалау кезінде (ұшу құрамы үшін)
- 7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес (ұшу құрамы үшін) Қызметкерге ұшу қызметіндегі үзілістен кейін 30 (отыз) күннен 90 (тоқсан) күнге дейін, 90 (тоқсан) күннен 180 (жүз сексен) күнге дейін, 180 (жүз сексен) күннен және 1 (бір) жылға



дейін, 1 (бір) жылдан астам, 3 (үш) жыл және одан да көп мерзім өткен соң рұқсат ету кезінде;

8) Қызметкердің ұшу қауіпсіздігі қағидаларын және/немесе лауазымдық міндеттерін бұзуы.

1.8 Жоспарлы немесе жоспардан тыс аттестаттауды өткізу туралы шешімді осы Ереженің 2.3-тармағында көзделген тәртіппен тиісті бұйрық шығару жолымен Қоғам Басқармасының Төрағасы қабылдайды.

1.9 Мынадай санаттағы Қызметкерлерге аттестаттау өткізілмейді:

- Қоғамда 3 (үш) айдан аз жұмыс істегендер;
- бала күтімі бойынша демалыстағы әйелдер;
- жүкті әйелдер.

Жүкті әйелдер аттестаттауға олардың жазбаша келісімімен ғана жіберілуі мүмкін.

2. Аттестаттауды өткізуге дайындық тәртібі

2.1 Аттестаттауды дайындауды және өткізуді ұйымдастыруды Қоғамның персоналды басқару бөлімшесі (бұдан әрі – ПБД) және аттестатталушының тікелей басшысы жүзеге асырады және мынадай іс-шараларды қамтиды:

– аттестаттауды өткізу мерзімдері мен кестесін әзірлеу (осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша)

2.2 Авиациялық персоналдың қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер негізінде кәсіби теориялық білім деңгейін, сондай-ақ Қызметкердің практикалық дағдылары мен машықтарын анықтауға арналған сұрақтарды (бұдан әрі – Аттестаттау билеттері) әзірлеу, Персоналды даярлау қызметі (бұдан әрі – ПДК), Техникалық блок және Авиациялық оқу орталығы (бұдан әрі – АОО) жүзеге асырады;

- АК құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;
- сұрақтарды қайта қарау заңнаманың өзектілігін ескере отырып жүзеге асырылады.

2.3 Аттестаттауды өткізуге бастамашылық Қоғамның Басқарма төрағасының бұйрығымен аттестаттау басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік айдан ерте емес жасалады. Осы бұйрықпен аттестаттауды өткізу кестесі бекітіліп, АК құрамын АК мүшесі болып табылмайтын АК хатшысы тағайындайды.

2.4 ПБД аттестаттауды өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей аттестатталуға тиіс Қызметкерлердің назарына аттестаттауды өткізу мерзімдері туралы ақпаратты жеткізуге, аттестаттауды өткізу туралы бұйрықпен және осы Ережемен қол қою арқылы таныстыруға міндетті. Қызметкерді 2.3-тармақта көрсетілген ақпаратпен жеке қол қою арқылы таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, мұндай қызметкер аттестаттау өткізу мерзімдерімен, аттестаттау өткізу туралы бұйрықпен және Ережемен Қоғамның ПБД қызметкерлері жоғарыда аталған құжаттардың көшірмелерін Қызметкердің тұрғылықты мекенжайына курьерлік почта байланысы арқылы жібергеннен кейін тиісті түрде таныстырылған болып саналып, оларды алғаны туралы міндетті түрде хабардар етуі тиіс, қызметкер бұйрықпен танысудан бас тартқан жағдайда ПБД қызметкерлері Бас тарту туралы акт жасайды.

2.5 Кәсіби білімді тексеру бойынша нормативтік құқықтық актілердің тізбесін құрылымдық бөлімшелердің басшылары аттестатталушы Қызметкерлердің назарына аттестаттау басталғанға дейін 1 (бір) күнтізбелік айдан кешіктірмей жеткізеді.

2.6 Аттестаттау билеттері құпия ақпарат болып табылады және еркін таратылмауға тиіс. Билеттер Құқықтық сүйемелдеу, персоналды басқару және қамтамасыз ету жөніндегі Басқарушы директорда сақталады. Билеттер № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аттестаттау комиссиясының хатшысына қол қою арқылы беріледі.

3. Аттестаттау комиссиясы

3.1 АҚ желілік нұсқаушылар (LTC), ESET, CRM пәндері бойынша нұсқаушылар, BC TRI/TRE типі бойынша желілік нұсқаушылар/емтихан алушылар, ESET, CRM пәндері бойынша нұсқаушылар, Safety Department өкілдері, сондай-ақ жеткілікті ұшу сағаттары бар (1500 сағаттан және одан жоғары) әуе кемелерінің командирлері лауазымдары бойынша жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ, Техникалық директор, Жедел техникалық қызмет көрсету менеджері, Ұшуға жарамдылықты қолдау қызметінің бастығы (ҰЖҚ), Емтихан алушының сертификаты бар инженер (assessor), Стандарттарға сәйкестікті бақылау департаментінің сапа менеджері бар кемінде 6 мүшеден тұрады.

АҚ құрамына Қоғамның басқарма төрағасының бұйрығымен тағайындалатын АҚ төрағасы, оның орынбасары, комиссия мүшелері және Қызметкерлердің өкілі енгізіледі. АҚ құрамына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның немесе басқа да құзыретті органдардың өкілдері қатарынан тәуелсіз сарапшы енгізілуі мүмкін.

3.2 АҚ-ға қатысатын Қызметкерлердің өкілі Қоғам қызметкерлерінің жалпы жиналысында Қоғам қызметкерлерінің жалпы нақты санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан кезде қарапайым көпшілік дауыспен сайланады.

3.3 Қоғам қызметкерлерінің өкілін сайлау бойынша жалпы жиналысты офлайн немесе қашықтықтан дауыс беру арқылы, интернет-байланыс арқылы өткізуге жол беріледі. Бұл жағдайда Қызметкерлердің жалпы жиналысына қатысу Қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен немесе Қызметкердің авторлануын және/немесе сәйкестендірілуін қамтамасыз ете отырып, өзге де электрондық тәсілмен расталады.

3.4 Қызметкерлердің өкілін сайлау бойынша Қоғам қызметкерлерінің жалпы жиналысын өткізу барысы мен нәтижелерін хатшы және қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өкілдері №3 қосымшаға сәйкес тиісті Хаттамада міндетті түрде тіркейді.

3.5 АҚ құрамы Қоғамның тиісті саясатына сәйкес мүдделер қақтығысы мүмкіндігін болдырмайтындай етіп қалыптастырылады. АҚ төрағасы болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

3.6 АҚ хатшысының міндеттеріне АҚ-ның ұйымдастыру жұмысын қамтамасыз ету (АҚ отырыстарын дайындау, алдағы отырыстар туралы хабардар ету, аттестатталатын Қызметкерлердің өмірбаяндық деректерін аттестаттау парақтарына

толтыру, Аттестаттау комиссиясының отырыстарын өткізу қорытындылары бойынша хаттамалар ресімдеу) кіреді. Хатшы АҚ мүшесі болып табылмайды және дауыс беруге қатыспайды.

3.7 АҚ отырысы, егер оған АҚ мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды деп есептеледі. Шешімдер отырысқа қатысып отырған АҚ мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. АҚ мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда АҚ-ға төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

3.8 Қоғамда жұмыстың жетекшілік ететін бағыттары бойынша бірнеше АҚ құрылуы мүмкін. АҚ саны аттестатталуы тиіс қызметкерлердің санына және оны өткізудің белгіленген мерзімдеріне қарай белгіленеді.

3.9 Аттестатталуы тиіс АҚ мүшелері мен хатшысы аттестаттаудан жалпы негіздерде өтеді. Аттестатталуы тиіс құрылымдық бөлімшелердің басшылары аттестаттау комиссиясының мүшелігіне енгізілмейді.

4. Аттестаттауды өткізу

4.1 Аттестаттауды өткізу кезеңдері:

- 1) кәсіби теориялық білімдерді жазбаша тексеру;
- 2) кәсіби теориялық білімдерін тексеру үшін Қызметкермен ауызша әңгімелесу;
- 3) осы Ереженің № 4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қызметкердің тікелей басшысы берген мінездемесі;

4) АҚ мүшелерінің кәсіби теориялық білімді қорытынды бағалауды қалыптастыру үшін ұсынылған барлық материалдарды зерделеуі, мінездемені талқылау, Қызметкердің практикалық дағдылары мен машықтарын, сондай-ақ Қызметкердің азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына және осы Ереженің 4.9-тармағында көрсетілген құжаттармен расталған Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін тексеру (егер қолданылатын болса);

5) аттестатталатын Қызметкердің атқаратын (талаптанатын) лауазымына (орындайтын жұмысына) сәйкестігін талдау және бағалау;

6) ұсынымдар жасау;

7) аттестатталатын Қызметкерді аттестаттау нәтижелерімен таныстыру.

4.2 Аттестаттаудан өтуге келген қызметкерлерде өзімен бірге мыналардың болуы тиіс:

- авиация персоналының жарамды куәлігі;
- ұшу кітапшасы (ұшу құрамының Қызметкерлері үшін);
- кәсіби деңгейді қолдау курстарынан өткенін растайтын құжаттар (сертификаттар);
- ұшу құрамы Қызметкерлеріне арналған медициналық сертификат (ДҰСК-дәрігерлік-ұшу сараптамалық комиссиясы).

4.3. Құжаттарды тапсырғаннан кейін Қызметкер сұрақтарға жазбаша жауап беру жолымен, аттестатталушы қызметкер өзі тартқан, осы Ереженің №5 қосымшасына сәйкес 10 сұрақтан тұратын бір аттестаттау билетін алғаннан кейін кәсіби теориялық білімдерін тексеруден өтеді. Жазбаша сауалнаманың барысы мен нәтижелерін хатшы

осы Ереженің №6 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделген АҚ отырысының хаттамасында міндетті түрде тіркейді.

4.4 Аттестатталатын қызметкерге кәсіби теориялық білімін тексеруге дайындалу үшін 60 (алпыс) минут бөлінеді. Жауаптардың дұрыстығына баға беру үшін АҚ мүшесі жауаптар бойынша нақтылаушы сұрақтар қоюға құқылы.

4.5 АҚ-нің әрбір мүшесі аттестатталушының әрбір сұрағы бойынша жауаптарды 7-қосымшаға сәйкес басқаларына қарамастан бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

4.6 Әңгімелесу қорытындысы бойынша төрағалық етуші АҚ мүшелері қойған нәтижелерді есептейді және жалпы орташа балды шығарады. Орташа балл үміткердің жинаған балдарының жалпы санын қатысып отырған Комиссия мүшелерінің санына бөлу арқылы анықталады.

4.7 Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестатталушы Қызметкер кәсіби теориялық білімдерін тексеру барысында жинаған жалпы орташа балл хаттамада көрсетіледі.

4.8 Егер кәсіби теориялық білімді тексеру бойынша жалпы орташа балл 40 (қырық) және одан жоғары болса, аттестатталатын Қызметкер аттестаттаудан өткен болып есептеледі.

4.9 Қызметкердің кәсіби даярлығы мен азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасының және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеру мынадай құжаттармен расталған практикалық дағдылар мен машықтарды тексеруді де қамтиды (егер қолданылса):


- бастапқы дайындық нәтижелері;
- кәсіби деңгейді қолдау бойынша дайындық нәтижелері;
- желілік/өндірістік жағдайлардағы соңғы дайындық және тексеру нәтижелері (ұшу персоналы үшін);
- кешенді тренажерде (Simulator Recurrent Training/LPC/OPC) соңғы дайындық және біліктілікті тексеру нәтижелері.

4.10 АҚ отырысына дейін 2 (екі) күн бұрын комиссия хатшысы мынадай құжаттарды дайындауы тиіс:

- аттестаттау парағының 2 (екі) данасы;
- белгіленген тәртіппен бекітілген Қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы және құрылымдық бөлімше туралы ереже;
- АҚ отырысы хаттамасының бланкісі.

4.11 Әрбір аттестатталатын Қызметкер бойынша АҚ-ның қорытынды бағасы осы Ереженің №7 қосымшасына сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағын толтыру жолымен, мынадай іс-шаралар негізінде қалыптастырылады:

- аттестатталатын Қызметкердің кәсіби теориялық білімін жазбаша тексеру;
- аттестатталатын Қызметкердің кәсіби теориялық білімін бағалау үшін ауызша әңгімелесу;
- аттестатталатын Қызметкердің практикалық дағдылары мен машықтарын тексеру, сондай-ақ Қызметкердің азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына және осы Ереженің 4.8-тармағында



көрсетілген құжаттармен расталған Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін тексеру (егер қолданылса);

– Қызметкердің тікелей басшысының оған мінездеме беруі арқылы аттестатталатын Қызметкерді бағалау.

4.12 АҚ отырыста ұсынылған материалдарды зерделеп, мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- атқаратын лауазымына сәйкес келеді;
- атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

АҚ мынадай ұсыным беруі мүмкін:

- жоғары тұрған (ұсынылатын) лауазымға тағайындау ұсынылады;

- біліктілік белгілерін алу үшін тиісті практикалық және теориялық оқытудан өту ұсынылады (аттестаттаудан өткен жағдайда);

- үш айдан кейін қайта аттестаттаудан және бағалаудан өту ұсынылады;

- қызметкердің атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан еңбек шартын бұзу ұсынылады;

- Қоғамда тиісті бос орын болған кезде аттестатталатын қызметкерді оның біліктілігіне сәйкес келетін басқа жұмысқа/лауазымға ол келіскен жағдайда ҚР еңбек заңнамасына сәйкес ауыстыру ұсынылады. Бос лауазымдар болмаған кезде немесе Қызметкер басқа жұмысқа/лауазымға ауысуға келіспеген кезде онымен жасалған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы негізінде бұзылуы мүмкін.

4.13 АҚ хатшысы аттестаттау парақтарына АҚ шешімдері мен ұсынымдарын енгізеді. Аттестаттау парақтарына АҚ төрағасы мен хатшысы 2 данада қол қояды.

4.14 Аттестатталатын қызметкер қолына аттестаттау парағының бір данасын алады және 2 данаға өз қолын қояды.

4.15 Хаттаманы АҚ отырысы барысында хатшы толтырып, оған АҚ-ның барлық мүшелері, төраға, оның орынбасары және хатшы қол қояды. АҚ хаттамалары осы Ереженің №8 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ПБД-да сақталады. Аттестаттаудан өткен Қызметкерлердің аттестаттау парақтары олардың жеке істерінде сақталады.

4.16 Қызметкер (оның ішінде лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетілген тұлға) дәлелді себептерсіз аттестаттауға келмеген жағдайда АҚ аттестатталмады шешімін қабылдайды. Бұл жағдайда Қызметкерге «қанағаттанарлықсыз» бағасын алған Қызметкерлерге қатысты қарастырылған ұқсас шаралар қолданылады.

4.17 Дәлелді себептермен (құжаттармен расталған еңбекке уақытша жарамсыздық, төленетін немесе өзге де демалыс, қызметтік іссапар, оқуға жолдама) аттестаттаудан өтпеген Қызметкерлер үшін олар жұмысқа шыққаннан кейін АҚ-ның қосымша отырысында аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылданады.

4.18 Аттестаттау барысында үш айдан кейін қайта аттестаттау мен бағалаудан өту туралы АҚ ұсынымын алған Қызметкерлер үшін қайта аттестаттау тағайындалады.

5. Аттестаттау қорытындысы

5.1 Аттестаттау қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасының Төрағасы 7 жұмыс күні ішінде АҚ шешімдерін бекіту туралы бұйрық шығарады.

5.2 3 жұмыс күні ішінде ПБД аттестатталатын Қызметкерді жүргізілген аттестаттау қорытындылары бойынша бұйрықпен қол қою арқылы таныстырады. Қызметкерді жүргізілген аттестаттау қорытындылары бойынша бұйрықпен жеке қол қою арқылы таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, Қоғамның ПБД қызметкерлері жоғарыда аталған құжаттардың көшірмелерін қызметкердің тұрғылықты мекенжайына курьерлік почта байланысы арқылы жібергеннен кейін, мұндай қызметкер оларды алғаны туралы міндетті түрде хабарлай отырып, аттестаттауды өткізу мерзімдерімен тиісті түрде танысқан болып есептеледі.

6. АҚ шешімдерін іске асыру.

6.1 ПБД аттестаттау аяқталғаннан үш айдан кейін қайта аттестаттау мен бағалаудан өту туралы АҚ ұсынымын алған қызметкерлерді қайта аттестаттаудан өткізу кестесін әзірлеп, оны Қоғам Басқармасының төрағасы бекітуге тиіс.

7. АҚ шешімдеріне шағымдану

7.1. Аттестаттауға байланысты еңбек даулары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкес, Жұмыс берушіге, Қоғамның келісу комиссиясына және одан әрі сотқа дәйекті жүгіну жолымен шешіледі.

8. Қызметкерлерді аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу кезіндегі жауапкершілік

8.1 АҚ жұмысының нәтижелері және осы Ереже талаптарының сақталуы үшін АҚ төрағасы (төрағаның орынбасары) толық жауапты болады.

8.2 АҚ мүшелері білімді бағалаудың объективтілігі үшін дербес жауапты болады.

8.3 Құрылымдық бөлімшенің басшысы аттестатталатын Қызметкерге берілген мінездеменің толықтығы мен объективтілігі үшін дербес жауапты болады.

8.4 Құқықтық сүйемелдеу департаментінің, Персоналды даярлау қызметінің, Техникалық блок, Авиациялық оқу орталығының басшылары Аттестаттау билеттерінің сақталуы мен құпиялылығына, сондай-ақ мазмұнының жария етілмеуіне дербес жауапты болады.

8.5 Персоналды даярлау қызметінің және Авиациялық оқу орталығының басшылары, Техникалық блок жазбаша аттестаттауды бір мезгілде өткізу үшін жеткілікті мөлшерде аттестаттау сұрақтарының уақтылы әзірленуіне, олардың сапасы: мазмұны, баяндау сауаттылығы, дәл және қысқа тұжырымы үшін дербес жауапты болады.


8.6 ПБД басшысы аттестатталуы тиіс Қызметкерлердің назарына аттестаттауды өткізу мерзімдері туралы ақпаратты уақтылы жеткізуге, аттестатталуы тиіс Қызметкерлерді аттестаттауды өткізу туралы бұйрықпен және осы Ережемен осы Ереженің 2.3-тармағында көзделген тәртіпте қол қою арқылы таныстыруға дербес жауапты болады.


9. Қорытынды ережелер


9.1 Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі.


9.2 Ереже Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.


Келісілді:

Құқықтық сүйемелдеу департаментінің директоры,
Т. А. Ә.  (қолы)


Қызметкерлерді басқару жөніндегі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы департаментінің директоры,
Т. А. Ә.  (қолы)


Құқықтық сүйемелдеу, персоналды басқару және қамтамасыз ету жөніндегі Басқарушы директор,
Т. А. Ә.  (қолы)

Персоналды даярлау қызметінің ұшу құрамын оқыту жөніндегі менеджері,
Т. А. Ә.  (қолы)

Комплаенс қызметінің басшысы, *Т. А. Ә.*
Т. А. Ә.  (қолы)

Ұшуды ұйымдастыру жөніндегі директор,
Т. А. Ә. _____ (қолы)

Техникалық директор,
Т. А. Ә.  (қолы)



«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге № 1 қосымша

_____ (құрылымдық бөлімшенің атауы)
қызметкерлеріне аттестаттау өткізу кестесі

№	Аттестатталатын қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің атауы	Аттестатталатын қызметкердің Т. А. Ә., лауазымы	Аттестаттауды өткізу күні	Ескертпе
1	2	3	4	5
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				

ПБД директоры


(колы)

(Т. А. Ә.)

ПДҚ басшысы

(колы)

(Т. А. Ә.)





«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге №2 қосымша

Аттестаттау билеттерін беруді есепке алу журналы

Бағыттың не пәннің атауы	Аттестаттаудан өтетін қызметкерлердің саны	Билет конверттері (нөмірі және саны)	Билет алушының Т.А.Ә., лауазымы	Алған кездегі қолы

«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге №3 қосымша

**Қызметкерлердің өкілін сайлау бойынша
Қоғам қызметкерлері жалпы жиналысының хаттамасы**

Қоғамның барлық қызметкерлері _____ адам
Жиналысқа _____ адам * * қатысты (тізім Т.А.Ә., лауазымы және қолы көрсетіле отырып қоса беріледі).

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қызметкерлердің өкілін сайлау туралы.

ТЫҢДАҒАҢДАР:

Т. А. Ә., лауазымы - (кандидаттың Т. А. Ә.) қызметкерлердің өкілі етіп сайлауды ұсынды

Дауыс бергендер:

"жақтағандар" - _____ адам; "қарсы болғандар" - _____ адам; "қалыс қалғандар" - _____ адам.

ШЕШІМ:

_____ (Т.А.Ә., лауазымы) қызметкерлердің өкілі болып сайлансын

Жиналыс төрағасы

Т.А.Ә. _____

(күні) _____


(қолы) _____

(күні) _____

Хатшы

Т.А.Ә. _____

(қолы) _____





«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге №4 қосымша

Қызметкердің мінездемесі

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

Аттестатталушы жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы Т.А.Ә. берді
Басшы лауазымының атауы

Лауазымы _____
ТАӘ _____
Қолы _____



«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге №5 қосымша

№ __ аттестаттау билетіне жауап парағы

№1 сұрақтың жауабы

№2 сұрақтың жауабы

№3 сұрақтың жауабы

№4 сұрақтың жауабы

№5 сұрақтың жауабы

№6 сұрақтың жауабы

№7 сұрақтың жауабы

№8 сұрақтың жауабы


№9 сұрақтың жауабы

№10 сұрақтың жауабы

Қызметкердің Т.А.Ә.

Күні

Қолы



«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге № 6 қосымша

АК отырысының
ХАТТАМАСЫ

№ _____

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Комиссия төрағасы – Т. А. Ә.
Комиссия хатшысы – Т. А. Ә.
Комиссия мүшелері – Т. А. Ә.

Қатысқандар:

2. Аттестатталушылар жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшелер басшыларының Т.А.Ә.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қызметкерді аттестаттау

(Т.А.Ә., лауазымның және құрылымдық бөлімшенің атауы)

Аттестатталушыға қойылатын сұрақтар және олардың жауаптары _____

АК мүшелері айтқан ескертулер мен ұсыныстар _____

Аттестатталатын қызметкердің қорытынды бағасы _____


Жақтағандардың дауыс саны: _____
қарсы болғандардың дауыс саны: _____

АК ұсынымдары _____

Комиссия төрағасы _____
(жеке қолы және қолдың ажыратылып жазылуы)

Комиссия хатшысы _____
(жеке қолы және қолдың ажыратылып жазылуы)

Комиссия мүшелері _____
(жеке қолы және қолдың ажыратылып жазылуы)





«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге № 7 қосымша

Аттестаттау парағы

1. Аттестаттау кезеңі _____ бастап _____ дейін

Аттестатталатын қызметкердің Т.А.Ә.:			
Лауазымы, құрылымдық бөлімшесі:			
ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ «QAZAQ AIR» АҚ-ДАҒЫ ЖҰМЫС КЕЗЕҢІНДЕГІ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ			
ЛАУАЗЫМЫ	ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕ	ОСЫ ЛАУАЗЫМДАҒЫ ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ (бастап/дейін: ай/ жыл)	ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАРДЫҢ БОЛУЫ (жаза түрі, себебі)

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК		
<i>(Компанияның кадр қызметі лауазымдық нұсқаулық және қызметкердің нақты біліктілігінде көрсетілген талаптарды салыстыру негізінде толтырады)*</i>		
Біліктілік талаптары	Талап етілетін біліктілік	Қызметкердің нақты біліктілігі
Білімі (жоғары / орта, мамандығы, біліктілігі)		
Мамандығы бойынша жалпы жұмыс өтілі (жалпы ұшу, типі бойынша ұшу, рұқсаттар және куәліктегі біліктілік белгілері)		
ҚОРЫТЫНДЫ		

2. Басқарманың _____ № _____ шешімімен бекітілген «QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ереженің 4.3. және 4.5-тармақтарына сәйкес Қызметкердің кәсіби теориялық білімін бағалау.

Билет нөмірі: _____
(қолмен толтырылады)

Сұрақ нөмірі:	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
АК мүшесінің бағасы _____										
Т.А.Ә.										
АК мүшесінің бағасы _____										
Т.А.Ә.										
АК мүшесінің бағасы _____										
Т.А.Ә.										
Аттестаттау комиссиясы мүшесінің бағасы _____										
Т.А.Ә.										
Жалпы орташа балл										

АК-ның әрбір мүшесі аттестатталушының әрбір сұрағының жауаптарын басқаларына қарамастан бес балдық жүйе бойынша бағалайды, мұнда

«0» бағасы - Қызметкер берілген сұрақ бойынша жауапты білмейді

«1» бағасы – Қызметкер берілген сұрақ бойынша материалдың көп бөлігін білмейді, өрескел қателіктер жібереді.


«2» бағасы – Қызметкер таяз білім көрсетеді, сенімсіз, әдетте, тек АК мүшесінің жетекші сұрақтарына жауап береді.

«3» бағасы - теориялық білімді көрсету кезінде Қызметкер кейбір қиындықтарға тап болады және толымсыз жауаптар береді, берілген сұрақ бойынша материалды баяндауда қателіктер жібереді.

«4» бағасы - Қызметкер жалпы қойылған сұрақ бойынша талап етілген материалды біледі. Сұрақтарға еш қиындықсыз жауап береді. Ауызша жауаптарда өрескел қате жібермейді. Жазбаша жұмыстарда аз ғана қателіктер жібереді.

«5» бағасы - Қызметкер толық жауап береді, берілген сұрақ бойынша барлық материалды жақсы түсінеді. Сұрақтарға дұрыс, саналы және сенімді жауаптар береді. Қажет болса, мысалдар және фактілер арқылы толық жауап бере алады.

Жалпы орташа балл үміткердің жинаған балдарының жалпы санын қатысып отырған Комиссия мүшелерінің санына бөлу жолымен есептелген (Басқарманың _____ № _____ шешімімен бекітілген «QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ереженің 4.6-тармағына сәйкес) және _____ балды құрайды.



3. Аттестаттау нәтижесінде келесі қорытынды бағаға қол жеткізілді

АТТЕСТАТТАЛАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ	
<input type="checkbox"/>	<p><u>(Өте жақсы).</u> Аттестаттау комиссиясы шығарған шешім: атқаратын лауазымына сәйкес келеді, өйткені кәсіби теориялық білімі, сондай-ақ практикалық дағдылары мен машықтары Аттестаттау комиссиясы қойған талаптардан асып түседі. Аттестаттау комиссиясы еңбек заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Қызметкерді жоғары тұрған (ұсынылып отырған) лауазымға (жұмысқа) тағайындау және/немесе Қызметкердің лауазымдық жалақысының мөлшерін ұлғайту жағына өзгерту туралы ұсыным бере алады. Бұл қорытынды баға Қызметкердің кәсіби теориялық білімін тексеру бойынша жалпы орташа балл 50 (елу) баллға жеткен жағдайда беріледі.</p>
<input type="checkbox"/>	<p><u>(Жақсы).</u> Аттестаттау комиссиясы шығарған шешім: атқаратын лауазымына сәйкес келеді, өйткені кәсіби теориялық білімі, сондай-ақ практикалық дағдылары мен машықтары атқаратын лауазымының талаптарына сәйкес келеді. Аттестаттау комиссиясы Қызметкермен жасалған еңбек шартын ұзарту туралы ұсыным бере алады. Бұл қорытынды баға Қызметкердің кәсіби теориялық білімін тексеру бойынша жалпы орташа балл 40 (қырық) балл және одан жоғары болған жағдайда (Қызметкердің кәсіби даярлығы азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келген кезде) беріледі.</p>
<input type="checkbox"/>	<p><u>(Қанағаттанарлық).</u> Аттестаттау комиссиясы шығарған шешім: кемінде үш айдан кейін қайта аттестаттаудан «Жақсы» немесе «Өте жақсы» деген қорытынды бағамен өткен жағдайда атқаратын лауазымына сәйкес келеді, өйткені өзінің кәсіби теориялық білімін және/немесе практикалық дағдылары мен машықтарын жетілдіруі қажет. Аттестаттау комиссиясы біліктілік белгілерін алу үшін (аттестаттаудан өткен жағдайда) тиісті практикалық және теориялық оқытудан өту туралы ұсыным бере алады. Бұл қорытынды баға, егер Қызметкердің кәсіби теориялық білімін тексеру бойынша жалпы орташа балл 40 (қырық) балдан кем болған жағдайда (оның ішінде Қызметкердің кәсіби даярлығы азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келген кезде) беріледі.</p>
<input type="checkbox"/>	<p><u>(Қанағаттанарлықсыз).</u> Аттестаттау комиссиясы шығарған шешім: атқаратын лауазымына сәйкес келмейді, өйткені кәсіби теориялық білімді және/немесе практикалық дағдылар мен машықтарды бағалаудың барлық түрлерінің нәтижелері атқаратын лауазымының талаптарына сәйкес келмейді. Бұл қорытынды баға, егер Қызметкердің кәсіби теориялық білімін тексеру бойынша жалпы орташа балл 30 (отыз) балдан кем болған жағдайда (оның ішінде қызметкердің кәсіби даярлығы азаматтық авиация саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келген кезде) беріледі.</p> <p>Аттестаттау комиссиясы мынадай ұсыным беруі мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамда тиісті бос орын болған кезде аттестатталатын қызметкерді оның біліктілік деңгейіне сәйкес келетін басқа жұмысқа/лауазымға ол келіскен жағдайда ҚР еңбек заңнамасына сәйкес ауыстыру. • Бос лауазымдар болмаған кезде немесе Қызметкер басқа жұмысқа/лауазымға ауысуға келіспеген кезде онымен жасалған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы негізінде бұзылуы мүмкін.

3. АҚ аттестатталатын қызметкерге қатысты мынадай шешім қабылдады:

АҚ шешімі	<input type="checkbox"/> Атқаратын лауазымына сәйкес келеді <input type="checkbox"/> Атқаратын лауазымына сәйкес келмейді
-----------	--



4. АК аттестатталатын қызметкерге мынадай ұсыным берді:

Аттестаттау комиссиясының ұсынымдары	<input type="radio"/> Жоғары тұрған (ұсынылатын) лауазымға тағайындау ұсынылады <input type="radio"/> Үш айдан кейін қайта аттестаттаудан және бағалаудан өту ұсынылады <input type="radio"/> біліктілік белгілерін алу үшін тиісті практикалық және теориялық оқытудан өту ұсынылады (аттестаттаудан өткен жағдайда) <input type="radio"/> Қызметкердің біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты еңбек шартын бұзу ұсынылады <input type="radio"/> Қоғамда тиісті бос орын болған жағдайда аттестатталатын қызметкерді оның біліктілігіне сәйкес келетін басқа жұмысқа/лауазымға ол келіскен жағдайда ҚР еңбек заңнамасына сәйкес ауыстыру ұсынылады
--------------------------------------	--

АК мүшелерінің қолдары:

АК төрағасы _____

(колы)

(Т. А. Ә.)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері:

1. _____

(колы)

(Т. А. Ә.)

2. _____

(колы)

(Т. А. Ә.)

3. _____

(колы)

(Т. А. Ә.)

4. _____

(колы)

(Т. А. Ә.)

Күні: 20__ жылғы «__» _____

АК хатшысы: _____


(колы)

(Т. А. Ә.)

Аттестаттау парағымен таныстым _____

(аттестатталатын қызметкердің колы)

Күні: 20__ жылғы «__» _____



«QAZAQ AIR» АҚ-ның авиациялық персоналын аттестаттау туралы ережеге №8 қосымша

АК хаттамаларын есепке алу журналы

Күні	Хаттама нөмірі	Күн тәртібі	Хаттаманы бекіту туралы бұйрықтың күні мен нөмірі	Алған кездегі қолы

